Мақала түсті: 10.02.2025
Мақала қабылданды: 28.03.2025
ӘОЖ: 616.89-053.2:37.026
ҒТАХА: 76.75.31
DOI: 10.24412/1609-8692-2025-1-279-287

Мақала түрі: *түпнұсқа ғылыми мақала*

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРІ ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА БУЛЛИНГТІҢ ТАРАЛУЫН ЖӘНЕ ОНЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ФАКТОРЛАРДЫ БАҒАЛАУ

***Оразбай Ә.М.[1], Нурбақыт А.Н.[1,2], Жакупова М.Н.[2], Жумадуллаева А.Н.[1]**
[1]«ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті, Алматы, Қазақстан
[2]«С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ, Алматы, Қазақстан

Кіріспе. Мектеп оқушылары арасындағы буллинг балалар мен жасөспірімдердің психологиялық әл-ауқатына және оқу үдерісіне әсер ететін қоғамдық денсаулық сақтау мәселесі.
Мақсаты. Алматы қаласындағы мектеп оқушыларының сауалнама жауаптары негізінде буллинг түрлерін, мектептегі қауіпсіздік сезімін және оқу үлгеріміне ықтимал әсерін талдау.
Материалдар мен әдістер. 2024-2025 жылдары Алматы қаласындағы жалпы білім беретін мектептердің 134 оқушысына 25 сұрақтан тұратын авторлық сауалнама жүргізілді. Жабық жауаптар Microsoft Excel бағдарламасында сипаттамалық өңделіп, ашық жауаптар сапалық тұрғыдан талданды.
Нәтижелер. Қатысушылардың 49%-ы 13 жаста, 46%-ы 14 жаста болды. Респонденттердің 38,5%-ы буллингке ұшырамағанын, 61,5%-ы оның қандай да бір түріне тап болғанын көрсетті. Оқу үлгеріміне буллинг әсер етті деп 47,3%-ы жауап берді. Сауалнамада кибербуллинг, мектеп ортасындағы қауіпсіздік сезімі және оқушылардың көмекке мұқтаждығы мәселелері көрініс тапты.
Талқылау. Нәтижелер мектеп ортасындағы және цифрлық кеңістіктегі буллингтің алдын алу жұмыстарын, оқушыларға психологиялық қолдау мен қауіпсіз хабарлау мүмкіндіктерін күшейтудің маңызын көрсетеді.
Қорытынды. Алматы қаласындағы 134 оқушының жауаптары буллингтің әртүрлі түрлерімен кездесуді және оның оқу үлгеріміне ықтимал теріс әсерін көрсетті. Алынған нәтижелер мектептерде ерте анықтау, құпия хабарлау, оқушыларды қолдау және педагогтер мен ата-аналардың бірлескен профилактикалық жұмысын дамыту қажеттігін негіздейді.
Түйінді сөздер: буллинг, мектеп ортасы, буллингке қарсы бағдарламалар, құдалаушы, жәбірленуші.

ОЦЕНКА РАСПРОСТРАНЕННОСТИ БУЛЛИНГА И СВЯЗАННЫХ С НИМ ФАКТОРОВ СРЕДИ УЧАЩИХСЯ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛ АЛМАТЫ

***Оразбай А.М.[1], Нурбакыт А.Н.[1,2], Жакупова М.Н.[2], Жумадуллаева А.Н.[1]**
[1]Казахстанский медицинский университет «ВШОЗ», Алматы, Казахстан
[2]НАО «Казахский Национальный медицинский университет имени С. Д. Асфендиярова», Алматы, Казахстан

Введение. Буллинг среди школьников представляет собой проблему общественного здравоохранения, затрагивающую психологическое благополучие и образовательную деятельность детей и подростков.
Цель. Проанализировать формы буллинга, восприятие безопасности школьной среды и предполагаемое влияние буллинга на успеваемость по результатам опроса школьников Алматы.
Материалы и методы. В 2024–2025 годах проведено анкетирование 134 учащихся общеобразовательных школ Алматы с использованием разработанного авторами опросника из 25 вопросов. Закрытые ответы обработаны описательными методами в Microsoft Excel; открытые ответы проанализированы качественно.
Результаты. Среди опрошенных 49% были в возрасте 13 лет и 46% - 14 лет. Об отсутствии опыта буллинга сообщили 38,5%, о наличии такого опыта - 61,5%. По самооценке 47,3% респондентов буллинг повлиял на их учебную успеваемость. Отдельно представлены сведения о кибербуллинге, восприятии безопасности и местах возникновения буллинга.
Обсуждение. Результаты подчеркивают значение профилактики буллинга в школе и цифровой среде, конфиденциальных способов обращения за помощью и психологического сопровождения.
Заключение. Анкетирование 134 школьников Алматы выявило опыт столкновения с различными формами буллинга и его предполагаемое отрицательное влияние на успеваемость по оценкам самих учащихся. Полученные данные поддерживают необходимость комплексной школьной профилактики, раннего выявления случаев буллинга, доступных механизмов сообщения о них и совместной работы педагогов, родителей и учащихся.
Ключевые слова: буллинг, школьная среда, программы борьбы с буллингом, преследователь, жертва.

ASSESSMENT OF BULLYING PREVALENCE AND ASSOCIATED FACTORS AMONG STUDENTS IN GENERAL EDUCATION SCHOOLS IN ALMATY

***Orazbay A.M.[1], Nurbakyt A.N.[1,2], Zhakupova M.N.[2], Zhumadullayeva A.N.[1]**
[1]*Kazakhstan's Medical University «KSPH», Almaty, Kazakhstan*
[2]*Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan*

Introduction. Bullying among schoolchildren is a public health concern affecting psychological well-being and educational experience.
Objective. To describe bullying experiences, perceived school safety and self-reported effects on academic performance among schoolchildren in Almaty.
Materials and methods. In 2024-2025, 134 pupils from general education schools in Almaty completed an author-designed 25-item questionnaire. Closed-ended responses were summarized descriptively using Microsoft Excel, and open-ended responses were analyzed qualitatively.
Results. Of the respondents, 49% were aged 13 years and 46% were aged 14 years. Overall, 38.5% reported no experience of bullying, whereas 61.5% reported experiencing at least one form. A total of 47.3% indicated that bullying had affected their academic performance. The survey also described cyberbullying, perceived school safety and locations where bullying occurred.
Discussion. The findings underline the need for prevention in school and online settings, confidential reporting and psychological support.
Conclusion. The responses of 134 pupils in Almaty documented experiences of different forms of bullying and self-perceived adverse effects on academic performance. These findings support comprehensive school-based prevention, early identification, accessible reporting channels and coordinated efforts by educators, parents and pupils.
Keywords: *bullying, school environment, anti-bullying programs, stalker, victim.*

Кіріспе: Оқушылар арасындағы буллинг қоғамдық денсаулыққа алаңдаушылық туғызады, өйткені олар құрбандардың эмоционалды әл-ауқатына, сондай-ақ олардың әлеуметтік және оқу үлгеріміне әсер етеді. Буллинг оқушының бір немесе бірнеше басқа оқушылардың теріс әрекеттеріне бірнеше рет және ұзақ уақыт ұшыраған кезде буллинг құрбаны болып саналады [1,2].

Буллинг барлық қоғамдарда, этникалық топтарда, нәсілдерде, мәдениеттерде және географиялық аймақтарда жиі кездеседі. Дүние жүзінде буллингтің таралуы 13 пен 15 жас аралығындағы 3 оқушының бірінде болады және бұл сандар дәстүрлі буллингтің жаһандық таралу деңгейінің 35% көрсетеді. Бұл көрсеткіштер дамыған елдерге қарағанда айтарлықтай жоғары және бұл айырмашылықты Cdc Youth Risk Behavior Survey зерттеуі растайды, онда АҚШ-тағы жасөспірімдер арасында буллингтің таралуы шамамен 27% деп бағаланады [3-6]. Буллинг балалар мен жасөспірімдер үшін қолайсыз физикалық, психикалық және академиялық салдармен де байланысты. Мысалы, буллинг құрбандарының депрессия, суицидтік ойлар, мазасыздық, ұйқының бұзылуы, әлеуметтік оқшаулану және жалғыздық сезімі қаупі жоғары болады. Сонымен қатар, алкогольді, никотинді және ингаляторларды қоса алғанда, заттарды қолданудың таралуы буллинг құрбандары арасында құрбан емес адамдарға қарағанда жоғары болды [7-9].

Буллинг құралдары агрессивті әр түрлі формаларды қамтуы мүмкін: 1. физикалық зорлық-зомбылық: (физикалық шабуылдарды қамтиды, ұрып-соғу және физикалық зорлық-зомбылықтың басқа түрлері); 2. ауызша буллинг: (мазақ ету және басқалар ауызша зорлық-зомбылықтың түрлері); 3. әлеуметтік буллинг: (оқшаулау, топтан шығару, қауесеттердің таралуы және әлеуметтік зорлық-зомбылықтың басқа түрлері); 4. Кибербуллинг: (интернетті және әлеуметтік медианы пайдалану басқаларды қорлау) [10-13].

ТМД-ның барлық елдерінің ішінде буллинг тақырыбындағы жарияланымдар Ресей саны бойынша жетекші орынға ие, олардың саны қазіргі уақытта 10 мыңнан асады. Сонымен қатар, Беларуссияда буллинг туралы тек 1 мыңға жуық, ал Қазақстанда 800-ге жуық. Яғни, ТМД елдерінде бұл тақырып жаңа және қазіргі уақытта мәліметтер базасы жинақталуда. Бұл ретте, елдерде ТМД қазірдің өзінде алдын алу және тоқтату бойынша түрлі шаралар әзірленуде [14-17]. Сонымен қатар,

әлеуметтік желідегі жоғары сапалы контент мәселесі де өзекті болып қала береді. Осыған байланысты әлеуметтік медианы дамытудың негізгі мәселелерінің бірі кибербуллинг болып табылады. ҚР ДСМ Ұлттық денсаулық сақтау орталығы әрбір бесінші Қазақстандық мектеп оқушысының буллинг /кибербуллингке ұшырағанын анықтады. Сонымен бірге, бұзақылық салдарынан туындаған травматикалық әсерінен аурулардың даму ықтималдығын атап көрсетті. Президент Қ.Тоқаев 2020 жылы Қазақстан халқына жолдауында кәмелетке толмағандар арасында, әсіресе онлайн платформалар арқылы буллингтің таралуынан туындайтын қауіпті атап көрсетеді. Осы идеяны дамыта отырып, VII шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясының ашылуы аясында Қ.Ж. Тоқаев буллинг мен балалардың өз-өзіне қол жұмсауының алдын алудың тиімді тетігін әзірлеуді тапсырды [18,19]. Қазақстанда HBSC (Health Behaviour in School-aged Children) шеңберінде мектептерде буллингке ауқымды зерттеу жүргізілуде. Екі сатылы кластерлік іріктеу арқылы әр түрлі мектептердегі 11, 13 және 15 жастағы жасөспірімдер ұлттық деңгейде буллинг суретін алу үшін сауалнама жүргізеді. Жоба 49 ел мен аймақты қамтыды, бұл деректерді салыстыруға және мәселенің толық бейнесін алуға мүмкіндік береді [20,21].

Осы мақалада Қазақстандағы буллинг мәселесінің жан-жақтылығын және оны шешудің кешенді тәсілінің қажеттілігін ескере отырып, SWOT-талдау жүргізілді. Зерттеу буллингтің таралуы туралы статистикалық деректерді мұқият талдауға, қолданыстағы заңнаманы және оның алдын алудың практикалық шараларын зерттеуге, сондай-ақ әртүрлі салалардағы мамандардың сараптамалық бағалауына негізделген.

Мақсаты. Бұл мақаланың мақсаты - сауалнама деректері негізінде Алматы қаласы бойынша оқушылар арасында буллингтің әртүрлі формаларының таралуын кешенді талдау. Зерттеу буллингтің формаларының пайда болу жиілігін, буллингке ұшыраудағы жыныстық айырмашылықтарды анықтауға және буллингке қатысушылардың жалпы жағдайы сияқты негізгі қауіп факторлары арасындағы корреляцияны анықтауға бағытталған.

Материалдары мен әдістері. Алматы қаласының оқушылары арасында буллингтің таралуын зерттеу үшін сауалнама әдісі қолданылды. 25 сұрақтан тұратын сауалнаманы (жабық және ашық сұрақтарды қоса алғанда) авторлар әзірледі және буллингтің әртүрлі формалары мен қатысушылардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларына қатысты сұрақтарды қамтыды. Сауалнама 2024-2025 жылдар арасында Алматы қаласы бойынша мектеп оқушылары арасында, соның ішінде 8 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Сандық деректер Microsoft Excel бағдарламасында әдістер арқылы өңделді, ал ашық жауаптар сапалық талдау көмегімен талданды.

Нәтижелері. Сауалнама Алматы қаласы бойынша, біріңғай Жалпы білім беретін мектептерден жүргізілді. Сауалнамаға жалпы саны 134 оқушы қатысты. Жынысы бойынша талдау айтарлықтай айырмашылықтарды анықтады. Ұлдар арасында буллингке ұшырағандардың пайызы 60,4%, ал қыздар арасында 39,6% болды. Бұл айырмашылық ұлдардың физикалық зорлық-зомбылық пен қауіп-қатерге жиі ұшырайтындығына байланысты айырмашылықтар туындатуы мүмкін. Жас ерекшеліктеріне келетін болсақ, 134 оқушының басым көпшілігі 13 жасты (49%) құрайды, 14 жастағы оқушылар саны 61 оқушыны (46%), 12 жастағы оқушылар (1%) және қалған (4%) 15 жастағы оқушылардан тұрады. Оқушылардың сыныптарына байланысты қазақ және орыс сыныптарынан қатар сауалнама алынып, нәтижесі бойынша: 134 оқушының 56%-ы қазақ тобынан, 44% орыс топтарынан тұрады.

Алматы қаласы бойынша жүргізілген сауалнама қала бойынша әр ауданның көрсеткіштері төмендегі суретте көрсетілген:



Сурет 1 – Аудандар бойынша қатысушылар саны, сандық

1 суреттен көріп тұрғанымыздай, аудан бойынша ең көбі Наурызбай ауданы 25 оқушы - 18,7% көрсетсе, ең азы Жетісу ауданының оқушылары 7 - 5,2% құрайды. Қалған аудандар бойынша, 134 оқушының 14і Медеу ауданынан, 23і Бостандық ауданынан, 18і Алмалы ауданынан, 17і Алатау ауданынан, 15 оқушыдан Түрксіб және Әуезов ауданының оқушылары қатысқан.

Мектеп оқушыларның мектепте өздерінің сезінуі бойынша, «Мектепте өзіңізді қаншалықты жиі жайлы және тыныш сезінесіз» сұрағына келесідей жауап берген: 26,1%ы әрқашан өздерін мектепте жайлы сезінетінін, 35,1% өздерін мектепте жиі жайлы сезінетінін, 20,9% кейде, 11,9% сирек өздерін жайлы сезінетінін көрсетсе, 6% өздерін мектепте жайсыз сезінетіні байқалады. Сауалнама нәтижелері оқушылардың көпшілігінің мектеп атмосферасын оң қабылдауын көрсетеді. Дегенмен, жайлылық сезіміне әсер ететін факторлар туралы қосымша ақпаратсыз түпкілікті қорытынды жасау қиын. Мектепте буллингтің деңгейін анықтау мақсатында «Сіз мектепте буллингті қаншалықты жиі байқайсыз?» сұрағына оқушылар келесідей жауап қайтарған: 3,7%ы әрқашан, 8,2% жиі, 32,8% кейде, 35,8% сирек, 19,4% ешқашан. Яғни, оқушылардың басым көпшілігі мектепте буллингті сирек болатынын көрсеткен.


Буллингтің формаларына байланысты сұрақтың жауатары төменде сипатталады:



Сурет 2 – «Сіз қандай буллингке ұшырадыңыз?» сұрағына жауаптар, пайызбен (%)

Жоғарыда көріп тұрғанымыздай, 38,5% буллингке мүлде тап болмағаны көрсетілген. Ал 61,5% буллингке ұшыраған, оның ішінде буллингдің формалары бойынша ең жиі кездесетіні Кибербуллингке 34 оқушы тап болған. Яғни, интернетті және әлеуметтік медианы пайдалану арқылы қорлану. Ал физикалық буллинг көрсеткіші – 14,7% немесе 20 оқушы, ауызша буллинг – 12,7% немесе 17 оқушыны көрсетеді.

Буллинг жиі мектептің айналасында немесе мектептің өзінде болады. Соған байланысты оқушылар келесідей жауап берген:



Сурет 3 – Буллингтің болуы мүмкін жерлер, сандық

3 суретте көрсетілгендей, буллингтің болуы мүмкін жерді анықтау мақсатында қойылған сұрақтың жауаптары бойынша: 35 оқушы буллингке тап болмағанын айтса, қалған жауаптар бойынша, ең жиі буллинг аймағы мектеп дәретханасында болатыны анықталды. Яғни, бұл жауап бойынша буллинг көбіне көпшіліктен тыс немесе ересектерден алшақ кеткенде көбейетіндігі байқалады. Ал, ең аз көрсеткіш сыныпта болуы мүмкін. Бұл сыныпта тәртіп пен ұжымның болуымен сипатталуы мүмкін.

Буллингтің оқу үлгеріміне әсері төменде бейнеленген:



Сурет 4 – Буллингтің оқу үлгеріміне әсері, пайызбен (%)

Жоғарыда көрсетілгендей, буллингтің оқу үлгеріміне 47,3% әсер етеді екен. Ал 28,9% оқу үлгеріміне әсер етпегенін айтады, қалған 23,8% кейде деген жауапты таңдаған. Буллингтің оқу үлгеріміне әсері оның түріне байланысты болуы мүмкін. Мысалы, физикалық буллинг сабақты өткізіп жіберумен және оқуға деген ынтаның төмендеуімен жиі байланысты, ал кибербуллинг ұйқының бұзылуына, мазасыздыққа және зейіннің төмендеуіне әкелуі мүмкін, сонымен қатар оқу үлгеріміне әсер етеді.

Талқылау

Алматы қаласындағы сауалнама нәтижелері мектептегі буллингтің бірнеше түрі кездесетінін және оқушылардың бір бөлігінің оны оқу үлгерімімен байланыстыратынын көрсетті. Мектептегі қауіпсіздік сезімі, цифрлық ортадағы қатынас және педагогтер мен ата-аналардың қолдауы алдын алу шараларын жоспарлау үшін маңызды. Алайда сұрақтарға берілген жауаптар респонденттердің субъективті тәжірибесін сипаттайды; зерттеу себеп-салдарлық байланыстарды немесе Алматы қаласының барлық оқушылары арасындағы нақты таралуды дәлелдемейді.

Зерттеудің шектеулері

Бір қаладағы 134 оқушыға негізделген сауалнама нәтижелерін барлық мектеп оқушыларына тікелей жалпылауға болмайды. Іріктеу тәртібі, жауап беруден бас тарту жиілігі және сауалнаманың психометриялық валидтелуі бастапқы материалда толық сипатталмаған. Жыныс бойынша топтардың нақты көлемі көрсетілмеген, сондықтан 60,4% және 39,6%

көрсеткіштері жынысқа тән таралу тәуекелін салыстыру ретінде түсіндірілмейді. Әртүрлі сұрақтардың жауап нұсқалары мен бөлімдеріндегі пайыздар әртүрлі есептеу негізіне ие болуы мүмкін.

Ғылыми-практикалық маңызы

Жұмыстың тәжірибелік маңызы - Алматы қаласындағы сауалнама қатысушыларының буллинг түрлері, мектеп қауіпсіздігін қабылдауы және оқу үлгеріміне ықтимал әсері туралы жауаптарын мектептегі профилактикалық шараларды жоспарлауға арналған біртұтас сипаттамалық талдауда ұсыну.

Қорытынды. Алматы қаласының жалпы білім беретін мектептерінде 134 оқушы арасында жүргізілген сауалнама буллингтің әртүрлі түрлерімен кездесу тәжірибесін және оның оқу үдерісіне ықтимал әсерін көрсетті. Қатысушылардың 61,5%-ы буллингтің қандай да бір түріне тап болғанын, 38,5%-ы мұндай тәжірибесі болмағанын хабарлады. Респонденттердің 47,3%-ы буллинг оқу үлгеріміне әсер еткенін көрсетті. Сауалнама нәтижелері бойынша кибербуллингтің де өзекті екені байқалды. Бұл мәліметтер мектептегі психологиялық қауіпсіздікті нығайту, буллинг жағдайларын ерте анықтау, құпия әрі қолжетімді хабарлау жүйесін ұйымдастыру және зардап шеккен оқушыларға қолдау көрсету қажеттігін айқындайды. Профилактикалық шаралар педагогтердің, ата-аналардың және оқушылардың бірлескен жұмысына, сондай-ақ цифрлық ортадағы қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға негізделуі тиіс. Мұндай тәсіл қауіпсіз әрі қолдау көрсететін мектеп ортасын дамытуға бағытталған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Alabdulrazaq RS, Al-Haj Ali SN. Parental reported bullying among Saudi schoolchildren: its forms, effect on academic abilities, and associated sociodemographic, physical, and dentofacial features. Int J Pediatr. 2020;2020:8899320. doi:10.1155/2020/8899320.
2 Hong JS, Voisin DR, Cho S, Smith DC, Resko SM. Peer victimization and substance use among African American adolescents and emerging adults on Chicago's Southside. Am J Orthopsychiatry. 2018;88(4):431–440. doi:10.1037/ort0000247.
3 Naveed S, Waqas A, Shah Z, Ahmad W, Wasim M, Rasheed J, et al. Trends in bullying and emotional and behavioral difficulties among Pakistani schoolchildren: a cross-sectional survey of seven cities. Front Psychiatry. 2020;10:976. doi:10.3389/fpsyt.2019.00976.
4 Walters GD. School bullying perpetration and victimization as predictors of youth delinquency: a meta-analysis of prospective studies and data. Aggress Violent Behav. 2024;79:102010. doi:10.1016/j.avb.2024.102010.
5 Walters GD. School-age bullying victimization and perpetration: a meta-analysis of prospective studies and research. Trauma Violence Abuse. 2021;22(5):1129–1139. doi:10.1177/1524838020906513.
6 Wiertsema M, Vrijen C, van der Ploeg R, Sentse M, Kretschmer T. Bullying perpetration and social status in the peer group: a meta-analysis. J Adolesc. 2023;95(1):34–55. doi:10.1002/jad.12109.
7 Gaffney H, Ttofi MM, Farrington DP. What works in anti-bullying programs? Analysis of effective intervention components. J Sch Psychol. 2021;85:37–56. doi:10.1016/j.jsp.2020.12.002.
8 Abregú-Crespo R, Garriz-Luis A, Ayora M, Martín-Martínez N, Cavone V, Carrasco MÁ, et al. School bullying in children and adolescents with neurodevelopmental and psychiatric conditions: a systematic review and meta-analysis. Lancet Child Adolesc Health. 2024;8(2):122–134. doi:10.1016/S2352-4642(23)00289-4.
9 Zych I, Viejo C, Vila E, Farrington DP. School bullying and dating violence in adolescents: a systematic review and meta-analysis. Trauma Violence Abuse. 2021;22(2):397–412. doi:10.1177/1524838019854460.
10 Новикова МА, Реан АА. Влияние школьного климата на возникновение травли: отечественный и зарубежный опыт исследования. Вопросы образования. 2019;(2):78–97. doi:10.17323/1814-9545-2019-2-78-97.
11 Хломов КД, Давыдов ДГ, Бочавер АА. Кибербуллинг в опыте российских подростков. Психология и право. 2019;9(2):276–295. doi:10.17759/psylaw.2019090219.
12 Макарова ЕА. Буллинг как психологическое явление, изучаемое в рамках виктимологии. Вестник Таганрогского института управления и экономики. 2018;(1(27)):72–75.
13 Новикова МА, Реан АА, Коновалов ИА. Буллинг в российских школах: опыт диагностики распространенности, половозрастных особенностей и связи со школьным климатом. Вопросы образования. 2021;(3):62–90. doi:10.17323/1814-9545-2021-3-62-90.
14 Barzilay S, Brunstein Klomek A, Apter A, Carli V, Wasserman C, Hadlaczky G, et al. Bullying victimization and suicide ideation and behavior among adolescents in Europe: a 10-country study. J Adolesc Health. 2017;61(2):179–186. doi:10.1016/j.jadohealth.2017.02.002.
15 Шабанова НА, Бронникова ЮО. Проблематика международного форума «Гуманизация образовательного пространства» в Год педагога и наставника: аналитический обзор. Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия: Акмеология образования. Психология развития. 2023;12(3):276–284. doi:10.18500/2304-9790-2023-12-3-276-284.
16 Slanbekova G, Turgumbayeva A, Umurkulova M, Mukhamedkarimova D, Chung M. The phenomenon of cyberbullying: a comprehensive literature review. J Psychol Sociol. 2024;89(2):25–37. doi:10.26577/JPsS.2024.v89.i2.03.

17 Мамбетакунов УЭ, Мырзалиев НБ. Понятие «буллинг» в научно-психологических источниках. Бюллетень науки и практики. 2024;10(10):355–363. doi:10.33619/2414-2948/107/45.
18 Токаев КЖ. Казахстан в новой реальности: время действий: Послание Главы государства народу Казахстана от 1 сентября 2020 года [Интернет]. Акорда; 2020. Доступно: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g
19 Токаев КЖ. Выступление Главы государства на открытии первой сессии Парламента Республики Казахстан VII созыва [Интернет]. Парламент Республики Казахстан; 2021, 15 января. Доступно: https://www.parlam.kz/ru/Home/OpenFile?culture=ru&speechId=4
20 Жолдыбаева МО. Школьный буллинг в Казахстане: сравнительно-правовой анализ зарубежного опыта. Актуальные научные исследования в современном мире. 2021;(8-1):106–110.
21 Абдрахманова ШЗ, Ахметов ВИ, Адаева АА, Слажнева ТИ. Факторы, формирующие здоровье и благополучие детей и подростков Казахстана: национальный отчет по результатам исследования HBSC 2018 года [Интернет]. Нур-Султан: Национальный центр общественного здравоохранения; 2019. Доступно: https://hls.kz/wp-content/uploads/2021/02/HBSC-Kazakhstan-report-2018.pdf

REFERENCES

1 Alabdulrazaq RS, Al-Haj Ali SN. Parental reported bullying among Saudi schoolchildren: its forms, effect on academic abilities, and associated sociodemographic, physical, and dentofacial features. Int J Pediatr. 2020;2020:8899320. doi:10.1155/2020/8899320.
2 Hong JS, Voisin DR, Cho S, Smith DC, Resko SM. Peer victimization and substance use among African American adolescents and emerging adults on Chicago's Southside. Am J Orthopsychiatry. 2018;88(4):431–440. doi:10.1037/ort0000247.
3 Naveed S, Waqas A, Shah Z, Ahmad W, Wasim M, Rasheed J, et al. Trends in bullying and emotional and behavioral difficulties among Pakistani schoolchildren: a cross-sectional survey of seven cities. Front Psychiatry. 2020;10:976. doi:10.3389/fpsyt.2019.00976.
4 Walters GD. School bullying perpetration and victimization as predictors of youth delinquency: a meta-analysis of prospective studies and data. Aggress Violent Behav. 2024;79:102010. doi:10.1016/j.avb.2024.102010.
5 Walters GD. School-age bullying victimization and perpetration: a meta-analysis of prospective studies and research. Trauma Violence Abuse. 2021;22(5):1129–1139. doi:10.1177/1524838020906513.
6 Wiertsema M, Vrijen C, van der Ploeg R, Sentse M, Kretschmer T. Bullying perpetration and social status in the peer group: a meta-analysis. J Adolesc. 2023;95(1):34–55. doi:10.1002/jad.12109.
7 Gaffney H, Ttofi MM, Farrington DP. What works in anti-bullying programs? Analysis of effective intervention components. J Sch Psychol. 2021;85:37–56. doi:10.1016/j.jsp.2020.12.002.
8 Abregú-Crespo R, Garriz-Luis A, Ayora M, Martín-Martínez N, Cavone V, Carrasco MÁ, et al. School bullying in children and adolescents with neurodevelopmental and psychiatric conditions: a systematic review and meta-analysis. Lancet Child Adolesc Health. 2024;8(2):122–134. doi:10.1016/S2352-4642(23)00289-4.
9 Zych I, Viejo C, Vila E, Farrington DP. School bullying and dating violence in adolescents: a systematic review and meta-analysis. Trauma Violence Abuse. 2021;22(2):397–412. doi:10.1177/1524838019854460.
10 Novikova MA, Rean AA. Vliyanie shkol'nogo klimata na vozniknovenie travli: otechestvennyi i zarubezhnyi opyt issledovaniya [Influence of school climate on bullying prevalence: Russian

and international research experience]. Voprosy obrazovaniya / Educational Studies Moscow. 2019;(2):78–97. doi:10.17323/1814-9545-2019-2-78-97. [in Russian].
11 Khlomov KD, Davydov DG, Bochaver AA. Kiberbulling v opyte rossiiskikh podrostkov [Cyberbullying in the experience of Russian adolescents]. Psikhologiya i pravo / Psychology and Law. 2019;9(2):276–295. doi:10.17759/psylaw.2019090219. [in Russian].
12 Makarova EA. Bulling kak psikhologicheskoe yavlenie, izuchaemoe v ramkakh viktimologii [Bullying as a psychological phenomenon studied within victimology]. Vestnik Taganrogskogo instituta upravleniya i ekonomiki. 2018;(1(27)):72–75. [in Russian].
13 Novikova MA, Rean AA, Konovalov IA. Bulling v rossiiskikh shkolakh: opyt diagnostiki rasprostranennosti, polovozrastnykh osobennostei i svyazi so shkol'nym klimatom [Measuring bullying in Russian schools: prevalence, age and gender correlates, and associations with school climate]. Voprosy obrazovaniya / Educational Studies Moscow. 2021;(3):62–90. doi:10.17323/1814-9545-2021-3-62-90. [in Russian].
14 Barzilay S, Brunstein Klomek A, Apter A, Carli V, Wasserman C, Hadlaczky G, et al. Bullying victimization and suicide ideation and behavior among adolescents in Europe: a 10-country study. J Adolesc Health. 2017;61(2):179–186. doi:10.1016/j.jadohealth.2017.02.002.
15 Shabanova NA, Bronnikova YuO. Problematika mezhdunarodnogo foruma «Gumanizatsiya obrazovatel'nogo prostranstva» v God pedagoga i nastavnika: analiticheskii obzor [Issues addressed at the international forum “Humanization of the Educational Space” in the Year of the Teacher and Mentor: an analytical review]. Izvestiya Saratovskogo universiteta. Novaya seriya. Seriya: Akmeologiya obrazovaniya. Psikhologiya razvitiya. 2023;12(3):276–284. doi:10.18500/2304-9790-2023-12-3-276-284. [in Russian].
16 Slanbekova G, Turgumbayeva A, Umurkulova M, Mukhamedkarimova D, Chung M. The phenomenon of cyberbullying: a comprehensive literature review. J Psychol Sociol. 2024;89(2):25–37. doi:10.26577/JPsS.2024.v89.i2.03.
17 Mambetakunov UE, Myrzaliev NB. Ponyatie «bulling» v nauchno-psikhologicheskikh istochnikakh [The concept of bullying in scientific and psychological sources]. Byulleten' nauki i praktiki / Bulletin of Science and Practice. 2024;10(10):355–363. doi:10.33619/2414-2948/107/45. [in Russian].
18 Tokayev KZ. Kazakhstan v novoi real'nosti: vremya deistvii [Kazakhstan in a new reality: time for action]. Address to the People of Kazakhstan, September 1, 2020 [Internet]. Akorda; 2020. Available from: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g. [in Russian].
19 Tokayev KZ. Vystuplenie Glavy gosudarstva na otkrytii pervoi sessii Parlamenta Respubliki Kazakhstan VII sozyva [Address by the Head of State at the opening of the first session of the Parliament of the Republic of Kazakhstan of the seventh convocation] [Internet]. Parliament of the Republic of Kazakhstan; 2021 Jan 15. Available from: https://www.parlam.kz/ru/Home/OpenFile?culture=ru&speechId=4. [in Russian].
20 Zholdybayeva MO. Shkol'nyi bulling v Kazakhstane: sravnitel'no-pravovoi analiz zarubezhnogo opyta [School bullying in Kazakhstan: a comparative legal analysis of international experience]. Aktual'nye nauchnye issledovaniya v sovremennom mire. 2021;(8-1):106–110. [in Russian].
21 Abdrakhmanova ShZ, Akhmetov VI, Adaeva AA, Slazhneva TI. Faktory, formiruyushchie zdorov'e i blagopoluchie detei i podrostkov Kazakhstana [Factors shaping the health and well-being of children and adolescents in Kazakhstan: national report based on the 2018 HBSC study] [Internet]. Nur-Sultan: National Center of Public Health; 2019. Available from: https://hls.kz/wp-content/uploads/2021/02/HBSC-Kazakhstan-report-2018.pdf. [in Russian].

Этикалық аспектілер. Зерттеу оқушылар арасында сауалнама жүргізуге негізделген. Нәтижелер жиынтық түрде ұсынылып, қатысушыларды жеке сәйкестендіретін мәліметтер келтірілмеді. Сауалнама медициналық араласуды көздеген жоқ.

Авторлардың үлесі. Оразбай Ә.М. - зерттеу тұжырымдамасы, деректерді жинау, бастапқы мәтінді жазу; Нурбақыт А.Н. - әдіснама, ғылыми жетекшілік, нәтижелерді түсіндіру, мәтінді сыни редакциялау; Жакупова М.Н. - талдау әдіснамасы, нәтижелерді тексеру, мәтінді сыни қайта қарау; Жумадуллаева А.Н. - деректерді жүйелеу, визуализация, мәтінді дайындауға қатысу.
Қаржыландыру. Сыртқы қаржыландыру болмаған.
Мүдделер қақтығысы. Авторлардың мәлімдеуінше, мүдделер қақтығысы жоқ.
Қолжазбаның түпнұсқалығы. Авторлар бұл жұмыстың бұрын жарияланбағанын және басқа басылымға ұсынылмағанын мәлімдейді.
Авторлар туралы мәліметтер. Оразбай Әмина Мауленқызы - «ҚДСЖМ» Қазақстан медицина университетінің магистранты, Алматы, Қазақстан. Хат-хабарға жауапты автор. E-mail: orazbayamina@mail.ru; ORCID: 0009-0001-3488-0208.
Нурбақыт Ардақ Нурбақытқызы - С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасының профессоры, Алматы, Қазақстан. E-mail: ardaknur@mail.ru; ORCID: 0000-0002-4854-6809.
Жакупова Майя Нурдаулетовна - С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасының доценті, Алматы, Қазақстан. E-mail: m.zhakupova@mail.ru; ORCID: 0000-0002-1529-0018.
Жумадуллаева Альмира Нұрсейдқызы - «ҚДСЖМ» Қазақстан медицина университетінің магистранты, Алматы, Қазақстан. E-mail: ibrashevaalmira@mail.ru; ORCID: 0009-0003-4355-8143.

Этические аспекты. Исследование основано на анкетировании школьников. Результаты представлены в обобщенном виде без сведений, позволяющих установить личность участников. Медицинские вмешательства в рамках исследования не проводились.
Вклад авторов. Оразбай А.М. - концептуализация, сбор данных, подготовка первоначального текста; Нурбакыт А.Н. - методология, научное руководство, интерпретация, критическое редактирование; Жакупова М.Н. - методологический анализ, проверка результатов, критическое редактирование; Жумадуллаева А.Н. - систематизация данных, визуализация, участие в подготовке текста.
Финансирование. Внешнее финансирование отсутствовало.
Конфликт интересов. По заявлению авторов, конфликт интересов отсутствует.
Оригинальность рукописи. Авторы заявляют, что материал ранее не публиковался и не находится на рассмотрении другого издания.
Сведения об авторах. Оразбай Амина Мауленкызы - магистрант Казахстанского медицинского университета «ВШОЗ», Алматы, Казахстан; автор для корреспонденции; orazbayamina@mail.ru; ORCID: 0009-0001-3488-0208.
Нурбакыт Ардак Нурбакыткызы - профессор кафедры общественного здравоохранения КазНМУ имени С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан; ardaknur@mail.ru; ORCID: 0000-0002-4854-6809.
Жакупова Майя Нурдаулетовна - доцент кафедры общественного здравоохранения КазНМУ имени С.Д.Асфендиярова, Алматы, Казахстан; m.zhakupova@mail.ru; ORCID: 0000-0002-1529-0018.
Жумадуллаева Альмира Нурсейдкызы - магистрант Казахстанского медицинского университета «ВШОЗ», Алматы, Казахстан; ibrashevaalmira@mail.ru; ORCID: 0009-0003-4355-8143.

Ethical considerations. The study was based on a questionnaire survey of schoolchildren. Findings are reported in aggregate without personally identifying information. No medical interventions were performed.

Author contributions. A.M. Orazbay - conceptualization, data collection, original draft; A.N. Nurbakyt - methodology, supervision, interpretation, critical review; M.N. Zhakupova - methodological analysis, validation, critical review; A.N. Zhumadullayeva - data curation, visualization, drafting support.
Funding. No external funding.
Conflicts of interest. The authors declare no conflicts of interest.
Originality. The authors state that the manuscript has not been published or submitted elsewhere.
Author information. Amina Maulenkyzy Orazbay - Master's student, Kazakhstan Medical University Higher School of Public Health, Almaty, Kazakhstan; corresponding author; orazbayamina@mail.ru; ORCID: 0009-0001-3488-0208.
Ardak Nurbakytkyzy Nurbakyt - Professor, Department of Public Health, Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan; ardaknur@mail.ru; ORCID: 0000-0002-4854-6809.
Maya Nurdauletovna Zhakupova - Associate Professor, Department of Public Health, Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan; m.zhakupova@mail.ru; ORCID: 0000-0002-1529-0018.
Almira Nurseidkyzy Zhumadullayeva - Master's student, Kazakhstan Medical University Higher School of Public Health, Almaty, Kazakhstan; ibrashevaalmira@mail.ru; ORCID: 0009-0003-4355-8143.